«Dostyq school Shymkent»кітапханасының 2025-2026 оқу жылының жылдық өткізілген іс-шарасының

ЕСЕБІ

2025-2026 оқу жылында кітапхана ҚР Білім және ғылым министрлігінің
2016 жылғы 19 қаңтарындағы №44 және 2016 жылғы 28 қаңтарындағы №91 бұйрығына сүйене отырып жұмыс жүргізді.

Мектеп кітапханасының негізгі мақсаттары мен бағыттары:

- Мектеп оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету;
- Жаңа бағдарлама бойынша сұранысқа берілген қажетті оқулықтарды алу;
- Оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру және ақпараттық мәдениетін жетілдіру;
- Оқушының жан-жақты тәрбиеленуіне, ой-өрісін нығайтуға көмектесу;
- Оқырманды кітап оқуға шақыру, кітапты насихаттау;
- Мұғалімдердің іскерлік шеберліктерін арттыруға көмек беру;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы , «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында жұмыс жасау.

Кітапхана мына бағытта жұмыс жүргізді:

- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жұмыстар жүргізілді;
- Оқырман формуляры бойынша оқу залында және абонементте оқырмандарға жеке қызмет көрсетуді ұйымдастырылды;
- Мәнерлеп оқу сайыстары, сұхбаттар жүргізілді.
- Тақырыптық библиографиялық анықтамалар орындалды;
- Кітап көрмелері ұйымдастырылды;
- Оқу бағдарламалары мен жоспарларына сай көрмелер ұйымдастырып, пән апталықтарына көмек берілді;
- Жаңа оқу жылына мектеп әкімшілігімен ақылдаса отырып, оқулыққа тапсырыс берілді;
- «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Төлен Әбдікұлының шығармалары насихатталды;
- Кітапханада сұхбаттар, дөңгелек үстел, мәнерлеп оқу сайыстары жүргізілді.

2025-2026оқу жылдарында
Кітапхана қоры- 34 940 дана,
Мектеп оқулығы – 28 971,
Электрондық оқулық саны - 499 дана,
Көркем және салалық әдебиет – 5 470 дана.
2023-2024 оқу жылында –304 дана кітап келіп түсті.

Кітап қорын қалыптастыру мақсатында:

8. Оқу баспасын қабылдау және техникалық өңделді;
9. Жаңа түскен оқулықтар есепке алынды;
10. Келіптүскенбасылымдарқабылданды;
11. Жиынтық есеп: жаңа түскен кітаптар жиынтық есеп кітабына жазылды;
12. Қорға түскен жаңа оқулықтар ретімен қойылды;
13. Мазмұны ескірген оқулық пен әдебиеттерді есептен шығарылды;

14. Оқулықтың сақталуына тексеру жүргізілді.

2025-2026 оқу жылында оқулықпен қамтылуы

Сыныптар	Оқушылар саны	Оқулықпен қамтылуы	Оқулықпен қамтылу үлесі%
10 сынып	75	109	80%
11 сынып	74	83	80%
Барлығы	149	192	116

Оқу-тәрбиелік үдерісті қамту мақсатында:

8. Оқырманға кітапхананы қолдану ережелерімен таныстырылды;
9. Оқырмандарғақызметкөрсетілді;
10. Кітапкөрмелеріұйымдастырылды;
11. «Оқуға құштар мектеп» стенді ілініп, бұрыш ашылды;
12. Кітаптардың мазмұнына, тіліне, түріне, дерегіне қарай бөлінді;
13. Оқырмандары кітапханаға жазып (оқырман формуляры толтырылып, тіркеу кітабына жазылды;
14. Жаңа оқырмандар тіркеліп, күнделікке жазылып, есептеліп отырылды.

Оқу тәрбие процесіне көмектесе отырып, оқушылармен мына іс-шаралар өткізілді.

Кітап көрмелері:

-«Ата Заң- Тәуелсіздіктің айғағы» (тақырыптық сөре)
-«Айбыны асқақ тұғыры биік Қазақстан» (тақырыптық сөре)
-«Оқуға құштар мектеп» бұрышы
- «Латын әліпбиі ұлттық жаңғырудың жарқын болашағы» (тақырыптық сөре)
- «Салауаттылық өмір салтымыз» (тақырыптық сөре)
- «Ата дәстүр,салт -қазына» (тақырыптық сөре)
-«Туған жер тұнған шежіре» (тақырыптық сөре)
-«Тарих ғасырлар куәсі» (тақырыптық сөре)
-«Жаңа кітаптар- жан азығы» (жаңа кітаптар көрмесі)
-«Туған елім –Қазақстан» (кітап көрмесі)

Библиографиялық- шолулар танымдық сабақтар өткізілді.


Шымкент қаласы Білім басқармасына қарасты Dostyk school Shymkent мектеп кітапханасында «Кел бірге оқиық» **20 минуттық кітап оқу** кестесін құрып оқырмандарды таныстырылым болып өтті. Кітапханашы өз сөзінде «Кітап –асып тасымайтын асыл досымыз, кітап оқу адамды жан-жақты дамуға, ойлау қабілетін жетілдіруге рухани жағынан байытады дей келе мектеп ұжымын және оқырмандарды сабақтан тыс уақытта кітапханадан арнай жасақталған кітаптармен және балаларға арналған журналдарды алып оқуға үгіттеді. «Оқуға құштар мектеп» жобасын насихаттау, көпшілікпен бөлісу мақсатында жұмыстар үздіксіз жұмыс жасайтын болады.

Мектеп ұстаздары мен оқушылар **«20 минуттық кітап оқуды»** дағдыға айналдыруды ұсынды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақ тілі пән мұғалімі С. Абдибекованың ұйымдастыруымен 10 а сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті кейіпкерім» атты дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар өздерінің оқыған кітаптарына талдау жасап, ұнатқан кейіпкерлері жайында сыр шертті, кітаптан алған әсерлерімен бөлісті, өз ойларын ортаға салды. Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын оятуда,таным көкжиегін кеңейту дөңгелек үстелдің әсері мол болды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында М Алпысбай -қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі 10 сынып бағдарламасына сәйкес оқушылармен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың танымдық сағат өткізілді. Оқушылар ақынның өмірбаяны, шығармашылығы туралы оқулықтан, газет-журналдардан ізденіп тапқан материалдарын ортаға салды. Танымдық сабақ жоғары деңгейде өтті.Өтілген іс- шараның жеткіншек жастағы жасөспірімдер үшін тәрбиелік мәні ерекше әсерлі болды.









Отбасы күні» мерекесіне орай «Ұлағатты отбасы-ұлт құндылығы» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.Кітап көрмесіне М.Әуезовтың «Абай жолы», Б.Момышұлының «Ұшқан ұя», С.Мұратбековтың «Жабайы алма», М.Мағауиннің «Шахан шері» т.б. кітаптары қойылды.

Кітапханашы әр кітаптың мазмұнына тоқталып отбасы құндылығының ерекшеліктері туралы айтып өтті. Іс-шара соңында оқырмандар таныстылылған кітаптарды өз аттарына жаздыртып оқуға алып кетті.






«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында «Мен оқыған кітаптар және менің сүйікті кейіпкерлерім» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мектеп кітапханасында ұйымдастырылған бұл іс-шарада оқушыларға қазақ классик жазушысы Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» кітабының таныстырылым болды.
Кітапханашы С.Абдибекова шығармадағы сегіз жастағы бұғанасы қатпаған бала Бердібектің бір үзім нан үшін ауыр жұмысқа жегілгені, алты айлық інісі Тұрдыбектің тоқтаусыз аштықтан жылағаны, жетімдіктің зардабын шеккен қиын күндері бейнеленген басты оқиғаларға тоқталып өтті.
Бұл танымдық жүздесуде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері М.Алпысбай, А.Болатова оқушыларды кітап оқуға шақырды.
Іс-шара барысында оқушылар өздері оқыған кітаптарымен ой бөлісіп, мектеп кітапханасына келген жаңа кейіпкерлермен толықтырылған кітаптарды жаздыртып алып әр кітаптың мазмұнымен танысып өтті.




Оқуға құштар жобасы аясында жүргізілген кез келген шара баланың кітап оқуға қызығушылығын арттырумен қатар, рухани құндылығымызды, тарихи деректерімізді білуге, патриоттық рухын оятуға өз септігін тигізеріне сенімдіміз.
Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін тұлға бола бастадым деп санауға болады деген екен. Ендеше, тұлға болу үшін кітаппен дос болу керек.

Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Абдибекова С, оқушыларға «Ақбілек» романы талдау жасап жоғары деңгейде ашық сабақ өтті. Сабақ барысында оқушылар Ақбілектің өмір сүрген кезеңімен қазіргі уақытпен байланыстыра отырып өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар оқушылар Жүсіпбек Аймауытовтың өмірбаянымен шығармашылығымен таныстырып және «Ақбілек» романы қазақ романдарының ең алғашқы жазылған роман екендігіне тоқтала кетті.






Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану, қысқы демалысты қызықты әрі пайдалы өткізу мақсатында **«Қысқы демалыста 10 кітап оқимыз»** акциясы ұйымдастырылды.
Балалар соңғы келген шытырман оқиғаларға толы әдебиеттерді қызыға оқып демалыстың бірінші күнінен-ақ өздерінің кітапқа деген кері байланыстарын беріп отырды.
Рухани азығымыз болып табылатын өшпес қазынамыз, ол «Кітап» әр кітап асыл қазынамыз, әр кітапта тұнған тарих жатыр.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында «Достық мейірім тақырыбында бастауыш сыныптар арасында «Ең көп оқитын сынып» атты сайыс ұйымдастырылды. Іс-шараға оқушылар сыныптарының атынан белсене қатысты. Сайыс төрт кезеңнен тұрды. Қатысушылар ұнатқан кітаптарынан көрініс көрсетіп, достыққа байланысты

сұрақтарға және ситуациялық жағдайларға жауап берді. Сайыс соңында оқушылар марапатталды.



«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында **«Кітапхана ғажайып қазына»** тақырыбында кітапхана сабағы ұйымдастырылды.

Мектеп кітапханашылары жас оқырмандарға кітап атты ғаламаттың құдіреттілігі мен маңызы туралы мағыналы әңгіме айтып, ұлылырдың даналық сөздерінен мысалдар келтіріп кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіріп өтті.

Жас оқырмандарда өздері оқыған кітап туралы өз ойларын айтып, викториналық ойын бойынша сұрақтарға жауаптар берді.

Кітапхана сабағының мақсаты: оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру, кітап оқуға қызықтыру, кітаптың пайдасы мен маңыздылығын ұғындыруболып табылады. : оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру, кітап оқуға қызықтыру, кітаптың пайдасы мен маңыздылығын ұғындыру болып табылады.


Мұқағали Мақатаев - қазақ поэзиясы әлеміне шетсіз, шексіз кеңістік пен биіктік әкелген ақын.

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында қыран тағдырлы ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың 93-жасқа толуына арналған **«Мен өмірді жырлау үшін келгенмін»** атты әдеби кеші өтті.

Поэзия кешінде оқушылар Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін тебірене айтып тыңдарманның жүрегіне жеткізе білді.

Мақсаты: ғасырлар тоғысында ақиық ақын атанған Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату, сол арқылы олардың бойында поэзия әлеміне, жалпы сөз өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру болып табылады.

Мектеп кітапханасында **«Менің сүйікті кітабым»** челленджі ұйымдастырылды. Іс-шара барысында Алғашқы Әскери дайындық пәнінің мұғалімі Д.Оспанов өзінің оқыған кітаптары мен бөлісті. Математика пәнінің мұғалімі А.Төреахмет 12 жасынан бастап кітапқа қызығушылығы оянғанын осы уақыт аралығында мыңнан аса кітап оқығаны туралы айтып өтті Іс-шара соңында келген оқырмандар өздері оқыған кітаптарын бір-бірімен алмастырып, мектеп кітапханашылары жастарға бірнеше кітаптың тізімін оқуға ұсынды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында 10 сынып оқушыларымен қазақ тілі әдебиет пәнінің мұғалімі А.Болатова Сайын Мұратбековтың **«Жусан иіс»** әңгімесі желісінде танымдық сабақ өтті. Оқушылар осы кітаптан алған әсерлерімен бөлісті. Мұғалім оқушылардан шығарманы қалай аяқталғанын қалар едің деп сұрақ қойды.Оқушылар бас кейіпкер Саянның өскенде жазушы немесе мұғалім болуын қалар едік деп айтып өтті.


«Менің сүйікті кітабым» Республикалық челленджі негізінде Бердібек Соқпақбаетың «Балалық шаққа саяхат» повесімен жалғасын тапты.

Мақсаты: қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын жас оқырмандарға таныстыра отырып, оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту.

Шара барысында жас оқырмандар «Балалық шаққа саяхат» повесіндегі кейіпкерлерді ортаға салып әрқайсысы өз ойымен бөлісті. Сонымен бірге оқушылар жазушының туған жері балалық шағы мен шығармалары жайлы тың деректермен танысып шықты.

Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымее өткен бұл іс-шара соңында оқушылар «Бердібек Соқпақбаев» бейнефильмдерін тамашалаумен аяқталды.

1-мамыр Ынтымақ айлығы аясында 17-мамыр күні **«Каникулда кітап оқиық»** букроссингі ұйымдастырылды. Оқушылар өздері оқыған кітаптар мен әдеби шығармаларымен бөлісіп, бір-бірлеріне кітаптар сыйға тартты. Сонымен бірге бұл іш-шараның мақсаты электронды кітап оқуды меңгере отырып, қоғамда кітап оқу үрдісін қалыптастыруға шақыру болып табылады.



XI. ОҚЫРМАНДАРҒА ҚЫЗМЕТ.

№	2025-2026 оқу жылына жоспарланды	2025-2026 оқу жылына жоспарланды
1	Оқырмандар саны – 389	Оқырмандар саны – 389
2	Келгендер саны – 300	Келетіндер саны – 350
3	Берілген кітап саны – 300	Берілетін кітап саны – 500
4	Оқылуы –20%	Оқылуы – 20%
5	Кітапайналымы –5 %	Кітапайналымы –5 %
6	Қатысқаны –10%	Қатысатыны – 10%
7	Кітаппен қамтылуы -4,3%	Кітаппенқамтылуы – 4,3%

Кітапханашы С.Б. Абдибекова

	(22.03.1902-1985)			
26	«Наурыз-Ұлыстыңұлыкүні» (22 наурыз мейрамы күні)	Слайд шолу	Наурыз	Кітапханашылар
27	«Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні«Менің сүйікті кітабым»	*Дөңгелек үстел*	Сәуір	Кітапханашылар
28	«Кітап-білімнің күн шуағы» әдеби жәрменке 23 сәуір-Ұлттық кітап және кітапханашылар күні	Әдеби жәрменке	Сәуір	Кітапханашылар
29	«Кітапхана-білімнің көзі, кітапханашы-оның тірегі» (кітапханашылар күніне дублер күні)	*Дублер күні*	Қазан	Кітапханашылар
30	«Береке бастауыбірлік, Ел іші тату тірлік» (Қазақстанхалқыныңбірлігікүні)	Кітап көрмесі	Мамыр	Кітапханашылар
31	«Ерлік пен бірлікжеңіскежеткізер!» (9-мамыр жеңіс күніне)	Кітап көрмесі	Мамыр	Кітапханашылар



Кітапханаменгерушісі С.Б. Абдибекова